

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қантардағы N 35 қаулысының күші
жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 1150 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер
е н г і з і л с і н :**

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің тұрлері және ұйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері респубикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде "Елорда" баспасы" ААҚ" деген реттік нөмірі 21-29-ж ол алынып тасталсын;

2) "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадын мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген бөлімде:

реттік нөмірі 224-18-жол алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Елорда" Ақмола мемлекеттік баспасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қантардағы N 35 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2003 ж., N 1, 13-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК